
ХАТТАМА

ПРОТОКОЛ

**«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ШИЕЛІ АУДАНЫ, ШИЕЛІ КЕНТІНІҢ ШЫҒЫС ӨНДІРІСТІК
АЙМАҒЫНДАҒЫ ЖҮК ТҮСІРУ-ҚАЙТА ТИЕУ БАЗАСЫНДА КЕСЕК КҮКІРТТІ
ҚАБЫЛДАП-ЖӨНЕЛТУ НЫСАНЫН САЛУ "ЖҰМЫС ЖОБАСЫНА ЫҚТИМАЛ
ӘСЕРЛЕР» БОЙЫНША АЛДЫНАЛА ДӨҢГЕЛЕК СТӨЛДІҢ ХАТТАМАСЫ.**

Шиелі кенті

«12» маусым 2025 ж.

Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Ж.Тұрабаев көшесі №5 ғимарат, «KAP LOGISTICS» ЖШС «Шиелі-Сұңқар» филиалының әкімшілік ғимараты.

Тапсырыс беруші тараптың өкілдері:

Абсаттаров Кайрат Бектайұлы – «KAP LOGISTICS» ЖШС Басқарушы директоры.

Досмағанбетов Даурен Досмағанбетұлы - «KAP LOGISTICS» ЖШС «Шиелі-Сұңқар» филиалының директоры.

Ергалиева Лаура Төлегенқызы - «KAP LOGISTICS» ЖШС өндірістік қауіпсіздік департаментінің менеджері.

Орындаушы тарап:

«Кесек күкіртті қабылдап-жөнелту нысанын салу» жобасының Бас мердігері:

Айтжанов Елдар Алтынбекұлы – «Казахский Водоканалпроект» ЖШС жоба бойынша заңгері.

Титаренко Елена Викторовна – «Казахский Водоканалпроект» ЖШС технологиялық жобалау жөніндегі маман.

Қатысушылар:

Жандарбеков Айтбай Насриддинұлы – Шиелі ауданының Әкімі.

Тұрабаев Мұрат Өскенбайұлы – Шиелі аудандық Мәслихатының төрағасы;

Баймуратова Ж. - «АМАНАТ» партиясы Шиелі аудандық филиалының атқарушы хатшысы;

Палымбет Н. - Шиелі аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы;

Исмайлов Өркен Әзімханұлы – Шиелі аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы;

Бекқожаев Мұхамедали – Еңбекші ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы;

Құлахметов Бодыбай – Тұран ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы;

Исабек Байкенжеев – ардагерлер кеңесінің мүшесі;

Махамбетов Әбіләкім - ардагерлер кеңесінің мүшесі;

Нұрмахан Елтай - ардагерлер кеңесінің мүшесі;

Бекішев Қаблеш Сейтбекович - Шиелі ауданының Қоғамдық кеңесінің төрағасы;

Есимов Гани Сейтомарович – қоғамдық кеңестің мүшесі;

Кулимбет Болат Малибекулы - қоғамдық кеңестің мүшесі;

Мырзабеков Насырбек Аябекулы - қоғамдық кеңестің мүшесі;

Сыздық Болат - Шиелі аудандық Мәслихатының депутаты;

Қасымов Қалмырза Айдарұлы - Шиелі аудандық Мәслихатының депутаты;

Салқынбаев Мұқанбетжан Бекмырзаұлы - Шиелі аудандық Мәслихатының депутаты;

Парманкулов Мақсұт Азимханович – Тұран ауылдық округінің әкімі;

Жүсіп Елдос Айтөреұлы - Еңбекші ауылдық округінің әкімі;

Айтекеева Гүлзада Садықбекқызы – Шиелі аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Тулегенов А. - «Шиелі аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Абдешов Е.Б. - Шиелі ауданы қоғамдық даму бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры.

Модератор: Абсаттаров Қайрат Бектаевич.

Күн тәртібінде:

«Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кентінің өндірістік аймағындағы жүк түсіру-қайта тиеу базасында кесек күкіртті қабылдап-жөнелту нысанын салу" жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есебі».

«KAP LOGISTICS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басқарушы директоры Қ.Б. Абсаттаров Компания жұмысының ағымдағы бағыты, көрсетілетін көліктік-логистикалық қызметтердің түрлері туралы егжей-тегжейлі айтып берді, сондай-ақ уран өндіру саласын күкірт қышқылымен қамтамасыз ету және өндіру бойынша іске асыруға жоспарланған инвестициялық жобаларды ескере отырып, Компанияның даму бағыттарын атап өтті.

Ол Компанияның негізгі міндеттері мен стратегиялық мақсаттарын таныстырып, оның еліміздің уран өндірісіндегі маңызын ерекше атап өтті. Сонымен қатар, «KAP LOGISTICS» ЖШС-нің өндірістік және логистикалық әлеуетін арттыру бағытындағы жоспарланған жаңашыл өзгерістер мен жобаларға тоқталды.

Сондай-ақ, уран өндіру саласындағы көліктік-логистикалық қызметті дамыту мәселелері бойынша арнайы презентация ұсынылып, болашаққа арналған жаңа идеялар мен жоспарлар айтылды.

Келесі сөз кезегін алған Шиелі ауданының әкімі Жандарбеков Айтбай Насриддинұлы баяндамашыға өз ризашылығын білдіріп:

– Қайрат Бектаевич, мазмұнды әрі мағыналы баяндамаңыз үшін алғысымды білдіремін. Ақпараттарды ашық форматта, халыққа түсінікті тілмен жеткіздіңіз. Көтерілген мәселелер мен ұсынылған бағыттар орынды әрі болашақтағы жұмыстарға бағыт-бағдар беретіні сөзсіз. Еңбегіңізге табыс тілейміз.

Шиелі ауданының әкімі Жандарбеков Айтбай Насриддинұлының сөзі:

– Құрметті қауым, бүгінгі кездесуге ауданымыздың құрметті азаматтары, ардагерлеріміз қатысып отыр. Егер сұрақтарыңыз немесе ұсыныстарыңыз болса, ашық түрде білдіре беріңіздер.

Ардагерлер кеңесінің төрағасы Исмаилов Өркен Әзімханұлының пікірі:

– Қайрат Бектайұлы, мекеменіздің атқарып жатқан қызметі мен болашақтағы жоспарларын бейнебаян мен слайд арқылы нақты әрі түсінікті түрде жеткіздіңіз. Бұл – өте құптарлық жайт. Егер сіз баяндамаңызда айтқандай, жұмыстар экологиялық тұрғыдан қауіпсіз, адам денсаулығына зияны жоқ түрде ұйымдастырылатын болса, біз қарсы емеспіз. Керісінше, бұл жоба күкірт қышқылының көліктік логистикасын ұйымдастыру кезінде көптеген азаматтарға жұмыс орындарының ашылуына және жергілікті қоршаған ортаға эмиссияның азаюына септігін тигізері сөзсіз, бұл сіздің деректеріңіз бойынша 6 есеге азаяды! Осындай игі бастамаларға сәттілік тілейміз.

1. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

№	Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі.	
	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)
1.	Қоғамдық кеңес мүшесі Күлімбетов Болат Мәлібекұлының сұрағы: – Қайрат Бектайұлы, сіздің мекемеңіз жүзеге асырып жатқан қызмет түрлерінің ауқымы кең, оның ішінде химиялық заттарды тасымалдау және сақтау бағытындағы жұмыстар да қарастырылғанын байқадық. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Адамның тіршілік ету ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғау аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» туралы № БК ДСМ-2 санитариялық қағидаларына сәйкес, 13-бөлім, 51-тармақ, 2-тармақшаға сай, сұйық химиялық жүктерді, сұйытылған табиғи газдарды, сондай-ақ метанол, бензол, толуол, альдегидтер секілді өндірістік қосылыстарды тиеу және сақтау орындары үшін санитариялық-қорғау аймағы кемінде 1000 метр болуы тиіс. Осы талаптардың орындалуы қалай қамтамасыз етіледі? Жобаларыңызда бұл нормативтер ескерілген бе? Аталған аймақтар тұрғын үйлерден, әлеуметтік нысандардан қандай қашықтықта орналасатын болады?	«КАР LOGISTICS» ЖШС Басқарушы директоры Абсаттаров Қайрат Бектайұлының жауабы: – Болат Мәлібекұлы, орынды сұрағыңыз үшін алғысымды білдіремін. Шынында да, біздің жұмысымызда санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы – басты басымдықтардың бірі. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің "Адамның тіршілік ету ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғау аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" жөніндегі № БК ДСМ-2 санитариялық қағидаларына сәйкес, біз қызметімізді нақты реттелген нормалар шеңберінде жүргіземіз. Аталған құжаттың 13-бөлімінің 52-тармағы, 3-тармақшасына сәйкес, біздің нысандарымыздың сипаттамасына орай санитариялық-қорғау аймағының нормативтік мөлшері 500 метрден кем емес болып белгіленген. Бұл – біздің жобамызға тікелей қатысты норматив. Біздің тарапымыздан барлық талаптар мен нормалар толық көлемде сақталады. Жобалау кезінде экологиялық қауіпсіздік, адам денсаулығына әсер ету қаупін болдырмау және санитарлық қашықтықты сақтау мәселелері қатаң ескерілетін болады. Сондай - ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың қорытындылары және тиісті рұқсат беру құжаттары алынатын болады. Жұмыс қолданыстағы заңнамаға толық сәйкес жүргізілетін болады. Баршаңыздың алаңдаушылықтары орынды, және біз бұл мәселеге аса жауапкершілікпен қарайтынымызды тағы да нақтылаймын.

2.	Мәслихат депутаты Қасымов Қалмырза Айдарұлының ұсынысы: – Қайрат Бектайұлы, сіздердің жобаларыңыз бен логистикалық бағыттарыңызға байланысты бір маңызды ұсынысымды білдіргім келеді. Белгілі болғандай, күкірт – тез тұтанатын, жанғыш әрі адам денсаулығы мен қоршаған орта үшін қауіпті қатты заттардың бірі. Оның әрдайым тек гранула түрінде жеткізілуін толық бақылау мүмкін емес. Сонымен қатар, бұл затты ұзақ уақыт бойы жабық қоймада сақтау қауіпсіздік талаптарына сай келмейді және тиісті тәуекелдер туындатады. Осыған орай, менің ұсынып отырғаным – күкіртті аудан аумағында сақтамай, тікелей Тайқоңыр бағытына теміржол арқылы жөнелту тетігін қарастыру. Ол үшін арнайы теміржол инфрақұрылымын дамыту, яғни күкірт тиелген вагондардың аудан аумағына аялдамай, бірден соңғы нүктеге жеткізілуі маңызды. Бұл – экологиялық қауіптің алдын алуға, жергілікті халықтың алаңдаушылығын сейілтуге әрі жалпы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған нақты әрі қажетті шара деп санаймын.	«KAP LOGISTICS» ЖШС Басқарушы директоры Абсаттаров Қайрат Бектаевичтің жауабы: – Қалмырза Айдарұлы, көтеріп отырған мәселеңіз өте орынды және салмақты. Күкірт – шынымен де жану қаупі жоғары, қауіпті заттардың қатарына жатады. Осыған байланысты біз күкірттің тек гранула түрінде жеткізілуін қатаң бақылауда ұстайтын боламыз. Бұл талап жобаның бастапқы кезеңінен-ақ техникалық регламентке енгізілген. Сонымен қатар, егер күкірт тасымалы жобасы іске қосылса, оның жағымды әсері айқын сезілетін болады. Атап айтқанда, Шиелі кенті арқылы тасымалданатын күкірт қышқылы көлемі 6 есеге дейін азаяды. Бұл өз кезегінде тасымалдау қауіпсіздігіне және, тікелей алғанда, тұрғындар үшін экологиялық тұрақтылыққа және жалпы санитарлық жағдайға оң әсерін тигізеді. Сіз ұсынған бағыт – күкіртті теміржол арқылы Тайқоңырға тікелей жеткізу – көліктік логистиканы ұйымдастырудағы басым міндеттердің бірі ретінде Шиелі кентінен жұмыс орындарын көшірудің экономикалық тиімділігі мен орындылығын ескере отырып қарастырылатын болады.
3.	Кент тұрғыны Маханбетов Әбіләкімнің пікірі: – Қазақстан Республикасының Конституциясында халықтың денсаулығы – мемлекеттің ең басты құндылығы ретінде айқын көрсетілген. Алайда соңғы жылдары өнеркәсіптік нысандардың, соның ішінде химиялық бағыттағы зауыттардың көптеп салынуы салдарынан халық арасында түрлі аурулардың көбейіп кеткені жасырын емес. Мұны біз күнделікті өмірден, тұрмыс-тіршіліктен анық байқап отырмыз. Адамдар азын-аулақ айлық табысына қарағанда, денсаулығын жоғалтып жатыр. Ал жоғалған денсаулықты	«KAP LOGISTICS» ЖШС Басқарушы директоры Абсаттаров Қ.Б. Біздің Компания халықтың денсаулығына, жалпы осы өңірдегі экологиялық жағдайға бей-жай қарамайды, сондықтан біз бүгін облыс тұрғындарын толғандырып жүрген өзекті мәселелерді сіздермен алдын ала талқылау туралы бастама көтердік.

	ешқандай жалақы немесе жеңілдікпен қайтару мүмкін емес. Осы орайда, Атыраудан келетін күкіртті аудан аумағына түсірмей, бірден Тайқоңырға жеткізетін арнайы теміржол бағытын қарастыру қажет деп есептеймін. Бұл халықтың денсаулығын сақтау тұрғысынан ең дұрыс шешім болар еді.	
4.	Қоғамдық кеңестің мүшесі Есимов Ғани Сейтомаровичтің сұрағы: – Мен бұрын СКЗ-U зауытында жұмыс істеген тәжірибеме сүйене отырып айтар болсам, күкірт – өте тез тұтанатын әрі адам ағзасына зиянды зат. Оның шаңы ауаға таралса, тыныс алу жолдарына кері әсерін тигізетіні белгілі. Осыған байланысты менің нақты сұрағым бар: күкіртті тасымалдағаннан кейін вагондарды және автокөліктерді күкірт шаңынан тазалау процесі қалай жүргізіледі? Бұл жұмыстың қауіпсіздігі, санитариялық талаптарға сәйкестігі және қоршаған ортаға әсері қалай ескеріледі?	«KAP LOGISTICS» ЖШС Басқарушы директоры Абсаттаров Қайрат Бектаевичтің жауабы: – Ғани Сейтомарович, тәжірибеңізге сүйене отырып қойған сұрағыңыз өте маңызды әрі орынды. Расында да, күкірт – тез жанғыш және адам денсаулығына қауіпті заттардың қатарына жатады. Осы себепті біз тасымалданғаннан кейін вагондар мен автокөліктерді күкірт қалдықтары мен шаңынан тазалау жұмыстарын арнайы талаптарға сай жүргіземіз. Атап айтқанда, тазалау процесінің жобалау міндеттеріне мыналар кіреді: 1. Механикалық тазалау: Алдымен вагон мен автокөлік күкірт қалдықтарынан механикалық әдіспен тазартылады. 2. Жуу: арнайы жабдықталған учаскелерде көліктердің дөңгелектері сумен немесе бейтараптандырғыш ерітінділермен жуылады. Бұл процестер экологиялық және санитарлық талаптарға толығымен сәйкес келеді. 3. Шаңның таралуын болдырмау: ауадағы күкірт шаңының таралуын болдырмау үшін жабық типтегі желдету және шаң жинау жүйелері қолданылады. 4. Қалдықтарды басқару: тазалау кезінде жиналған қалдықтар бөлек жиналады және тиісті лицензиясы бар ұйымдарға кәдеге жарату үшін тапсырылады. Сонымен қатар, бұл жұмыстарды жүргізетін қызметкерлер арнайы қорғаныс киімдерімен және респираторлармен жабдықталады. Барлық процесс еңбек қауіпсіздігі және экология саласындағы ұлттық стандарттарға сәйкес ұйымдастырылады. Біздің мақсатымыз өндіріс тиімділігі ғана емес, сонымен қатар өндіріс персоналына, қоғамға және қоршаған ортаға толық жауапкершілікпен қарау.

5.	Қоғамдық кеңестің мүшесі Есимов Ғани Сейтомаровичтің қосымша сұрағы: – Қайрат Бектайұлы, тағы бір маңызды техникалық сұрақ бар. Вагонмен тасымалданатын кесек күйіндегі күкіртті төгу барысында, оның астыңғы люктісін балғамен ұрып ашу – қауіпті әрі тиімсіз әдіс деп есептеймін. Осыған байланысты, жүк түсіру кезінде люкті ашу үшін кран-балка немесе лебетка секілді механикалық құралдарды қолдану қарастырылған ба? Бұл жүктің қауіпсіз әрі тиімді түрде төгілуіне қалай кепілдік беріледі?	Вагондардан түйіршікті күкіртті түсіру процесінің қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ету - біздің басымдықтарымыздың бірі. Осыған байланысты төменгі люкті балғамен ұру әдісі қолданылмайды. Оның орнына люктерді зақымдамай ашуға және жүкті қауіпсіз және тиімді түсіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кран-балка немесе лебетка сияқты арнайы механикалық құрылғылар қолданылады. Барлық жұмыстар қауіпсіздік шаралары мен техникалық регламенттерге қатаң сәйкестікте орындалатын болады. Қызметкерлер арнайы оқытудан өтеді және еңбек қауіпсіздігі стандарттарының талаптарын сақтайды. Осылайша, өндірістік қауіпсіздік пен экологиялық нормалардың барлық талаптарын сақтай отырып, жүктерді ауыстырып тиеу қамтамасыз етілетін болады.
6.	Есимов Ғани Сейтомарович — қоғамдық кеңестің мүшесі ретінде күкірттің тасымалдану кезінде шашылып, теміржол және автожол бойларын ластау проблемасына назар аударды. Бұл мәселенің алдын алу мақсатында күкіртті биг-бег қабымен тасымалдау тәсілін қолдану ұсынылады. Мұндай әдіс тасымалдау барысында заттың шашылуын болдырмай, қоршаған ортаның ластануын айтарлықтай азайтады. Сонымен қатар, биг-бег қабы күкірттің қауіпсіз және тиімді жеткізілуіне ықпал етеді.	"KAP LOGISTICS" ЖШС Басқарушы директоры Қ.Б. Абсаттаров жобаны әзірлеушілерге мынадай ұсыныс жасады: Тасымалдау кезінде күкірттің шашырауын және темір жолдардың ластануын болдырмау үшін күкіртті жеткізуші, презентация слайдында көрсетілгендей, вагонды тығыздау және күкіртті жабу үшін жанбайтын тенттерді қолданатын болады. Күкіртті тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын талаптарға көлік құралының шанағы түбінің және бүйірлерінің толық герметикалығы, сондай-ақ жүкті тасымалдау кезінде ауаның әсерінен қорғайтын қалқанның герметикалығы жатады. Иә, шынында да, үлкен қапшықтарда тасымалдау тасымалдау процесінің экологиялық қауіпсіздігін арттырады. Сондықтан жобалаушыларға осы әдісті енгізу мүмкіндігін зерделеп, жан-жақты қарастыруды ұсынамыз.
7.	Жүсіп Елдос Айтөреұлы – Еңбекші ауылдық округінің Әкімі ретінде осы қоғамдық тыңдауды Еңбекші ауылында ұйымдастыруды ұсынамын. Себебі қауіпті жүк тасымалдайтын автокөліктер дәл осы ауыл арқылы өтеді. Бұл жағдай ауыл тұрғындарының өмірі мен денсаулығына тікелей әсер ететіні анық. Сондықтан Еңбекші ауылының	

	халқының өзекті мәселелері мен сұрақтары, сондай-ақ олардың ұсыныстары қоғамдық талқылауда толық қамтылуы тиіс. Ауыл тұрғындарының пікірін ескеру – экологиялық қауіпсіздік пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.	
8.	Қоғамдық кеңестің мүшесі Есимов Ғани Сейтомарович Р.Бөлебай көшесінің ұзақ уақыт бойы жөнделмей келе жатқанын атап өтті. Ол автокөліктер жүретін бұл көшені жөндеуді қолға алуды сұрайды, себебі оның жағдайы көптеген жылдар бойы қанағаттанарлықсыз күйде қалып отыр. Жолдың сапасын жақсарту көлік қозғалысының қауіпсіздігі мен жайлылығын арттырып, тұрғындардың өмір сүру сапасына оң әсерін тигізеді.	"КАР LOGISTICS" ЖШС Басқарушы директоры Қ.Б. Абсаттаров: Р. Бөлебай көшесіндегі жол жергілікті атқарушы органның меншігінде. Компанияның есеп саясаты баланстан тыс объектілерге күрделі шығындарды көтеруге мүмкіндік бермейді. Сондықтан жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін алдымен жол ресми түрде Компанияның қарамағына өтуі керек. Мұндай мәселелер белгілі бір процедуралар мен келісімдерді қажет етеді, сондықтан оларды бірден шешу мүмкін емес. Дегенмен, жолдың жай - күйі назардан тыс қалмайды - тиісті органдармен бірлесіп осы мәселені кезең-кезеңімен шешу жұмыстары жүргізілетін болады.
9.	Шиелі ауданының Әкімі Жандарбеков Айтбай Насриддинұлы Р.Бөлебай көшесінің жолы кент әкімшілігінің меншігінде екенін атап өтті. Сонымен қатар, егер демеушілік көрсетеміз деген ниет болса, әкімдік тарапынан қажетті қолдау көрсетуге дайын екендігін білдірді. Бұл мәселені бірлесіп шешу – тұрғындар игілігі үшін тиімді болары сөзсіз.	
10	Қоғамдық кеңестің төрағасы Бекішев Қабілеш Сейтбекұлы көтерілген мәселелер бойынша ортақ келісімге келу қажеттігін атап өтті. Оның айтуынша, қабылданатын кез келген шешім ең алдымен халықтың қауіпсіздігіне зиян келтірмеуі тиіс. Сонымен қатар, ол компания тарапынан кентке қандай әлеуметтік көмек көрсетілуі мүмкін екенін нақтылауды сұрады. Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған қолдау шаралары – жергілікті тұрғындармен өзара сенім мен әріптестік қарым-қатынастың негізі болмақ.	
11		"Шиелі-Сұңқар" филиалының директоры Д.Д. Досмағанбетов аудиторияны төмендегілер туралы хабардар етті: 1. Жүк түсіру және қайта тиеу базасын орналастыру алдында топографиялық түсірілім (топосъемка) жүргізілген. Нәтижесінде санитарлық қорғау аймағы

		570 метрді көрсетті.
		2. Күкіртті биг-бег қаптарымен тасымалдау мәселесі қаралғанымен, күкірт жіберуші мекеменің келісімін ала алмауына байланысты бұл тәсіл қолданылмайтын болды.
		3. Сонымен қатар, Р.Бөлебай көшесінің 400 метр бөлігін өз күштерімен жөндеп, қазіргі уақытта сол жолды пайдаланып отырғандарын жеткізді.

Қ.Б. Абсаттаров: Құрметті дөңгелек үстелге қатысушылар! Бүгінгі шараға белсенді қатысқандарыңыз үшін шын жүректен алғыс айтамыз. Сіздер мен жұртшылық тарапынан айтылған барлық ұсыныстар мен ескертулер жобаны жүзеге асыру барысында мұқият сарапталып, мүмкіндігінше ескерілетін болады.

№	Т.А.Ж.	Қол таңба
1	Ғаурабаев Мұраб	Ғаурабаев
2	Баймұратова Әсбек	Баймұратова
3	Байкөкжиев Исабек	Байкөкжиев
4	Брешинов Ерман	Брешинов
5	Бөкжиев Каблеш Сәлітбекұлы	Бөкжиев
6	Салқымбаев Мұқашығұлан Бақырзаулы	Салқымбаев
7	Мұртабаев Әсетбек Айтбай	Мұртабаев
8	Төлегетов Аманжол	Төлегетов
9	Арманшұлы Машей	Арманшұлы
10	Бүркітбаев Бағдат	Бүркітбаев
11	Жарық Елос	Жарық
12	Бекқаджаров Мұхаметқали	Бекқаджаров
13	Түткеев Рүзә Рәхметқали	Түткеев
14	Күлмбетов Бәс Мәңдібаев	Күлмбетов
15	Арман Исмаил	Арман
16	Қаспиев Қалмұста	Қаспиев
17	Масандетов Әбілқали	Масандетов
18	Әлтай Нұрмахан	Әлтай
19	Төлеубаев Нәзір Д.	Төлеубаев
20	Есенов Жан	Есенов
21		
22		
23		
24		
25		
26		
27		
28		
29		